

ӨЗЕН



www.ozen.kz

№12 (17) ҚАЗАН

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

www.facebook.com/OzenMunaiGaz/

АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ



ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ
25-29 АРАЛЫҒЫНДА
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ
КОМПАНИЯСЫНЫҢ
АҚТАУ ЖӘНЕ ШЫМ-
КЕНТ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ
ӨНДІРІС ОШАҚТАРЫНДА
«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»
ТОБЫНА ҚАРАЙТЫН
КОМПАНИЯ
ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ
АРАСЫНДА «ҮЗДІК
МАМАН – 2017»
КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК
БАЙҚАУЫНЫҢ
АҚТЫҚ КЕЗЕҢІ ӨТТІ.

«ҮЗДІК МАМАН-2017»

конкурсының жеңімпаздары марапатталды

Аталған байқауға «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының еңбек ұжымы да қатысып келді. Жай ғана қатысып келген жоқ, абырой биігінен көрініп, жүлделі орындарымен көпті қуантып келді. Дүбірлі додада оқ бойы озып, компания абыройын асқақтатып қайтқан бір топ қызметкерді бас директор Бекзат Абайылданов құттықтап, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Сондай-ақ салтанатты шарада аталған байқауға қатысушыларға тәлімгер болған Болат Бекжанов, Сапар Өскенов, Нұрым Кенжебаев, Ерғали Аتكелтіров, Едіге Матаев, Фазыл Сырымов, Дамир Шырақбаев, Қожабай Кемалов, Абдырахман Нұрымов, Самат Сарыев, Әлібек Шырақбаев, Аман Күзембаев, Қосай Досанов, Қанат Бітімов, Мәжит Құрманов, Бәйіш Мейіров, Арыстанғали Індібаев, Сырлыбай Мұхановтар бас директордың алғыс хатымен марапатталды.

«Құрметті байқау жеңімпаздары! Сіздерді «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығып, үздік мамандар қатарына енуіңізбен шын жүректен құттықтаймын. Маңдай тер, үлкен дайындықпен келген бұл жүлдеңіз өз жұмысыңызға деген сүйіспеншілігіңіздің нәтижесі деп білеміз. Сіздердің жеңіс тұғырына көтерілуіңіз – компаниямыздың шеберлер ұстаханасы екендігінің айғағы. Жүлделі орындарыңыз құтты болсын», – деді Бекзат Абайылданов өз сөзінде.

Бақ пен бап сынға түскен бәсекеде қанжығаға жүлде байлап келген жеңімпаздар өзенмұнайгаздықтар үшін мақтаныш, үлгі. Жеңісті күндер көп болсын, әріптестер! Биіктерді бірге бағындырайық!





«ҮЗДІК МАМАН – 2017»

байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ

Ғазиз Махмутұлы Мерекеев	«ҚазГерМұнай»БК» ЖШС - I орын
Жанат Бекенбайұлы Адына	«Өзенмұнайгаз»АҚ – II орын
Бекмұрат Сисенбайұлы Оңғарбаев	«Қазақтүрікмұнай»ЖШС – III орын

СКВАЖИНАНЫ ЗЕРТТЕУ ОПЕРАТОРЫ

Амангелді Келдібайұлы Ермұханов	«Өзенмұнайгаз»АҚ – I орын
Нүркен Әдемханұлы Нысамбаев	«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС – II орын
Айсын Қайратұлы Медетәлиев	«ҚазГерМұнай»БК» ЖШС – III орын

МҰНАЙ КӘСІПШІЛІГІ ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ СЛЕСАРЫ

Абдол Тұрдымұратұлы Бижанов	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – I орын
Нұрлан Ишанбекұлы Ыбраев	«ҚазГерМұнай»БК» ЖШС – II орын
Мереке Майлыбайұлы Дәулетниязов	«Өзенмұнайгаз» АҚ – III орын

АВТОКӨЛІК ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

Азамат Аяпбергенұлы Нұрбаулов	«ТТЖСҚКБ» ЖШС - I орын
Рауан Ұзақбаев	«ArgymakTransService» ЖШС - II орын
Файзулла Бекесұлы Тұрахов	«Өзенмұнайгаз» АҚ – III орын

ЦА-320 АРНАЙЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ МОТОРИСТ-МАШИНИСІ

Қонарбай Ерғалиұлы Досбергенов	«Өзенмұнайгаз» АҚ – I орын
Бауыржан Атаұлы Алибаев	

ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЗЕРТХАНАШЫСЫ

Гүлжан Марленқызы Избасова	«Өзенмұнайгаз» АҚ – I орын
Лаура Мұратқызы	«ҚазГерМұнай»БК» ЖШС – II орын
Алибек Нұржанұлы Жұмырбаев	«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС – III орын

ЭЛЕКТРОГАЗБЕН ДӘНЕКЕРЛЕУШІ

Самат Сағынұлы Төлешов	«Oil Construction Company» ЖШС – I орын
Талғат Күзембайұлы Раманқұлов	«ҚазГерМұнай» ЖШС – II орын
Ерлан Шырынбайұлы Маханов	«Азиялық газ құбыры» ЖШС – III орын
Аймұрат Ералыұлы Үсенов -	«Өзенмұнайгаз» АҚ – III орын

ТЕМІР ЖОНУШЫ

Ерхан Баянбайұлы Сүгіров	«Өзенмұнайгаз» АҚ – I орын
Қайыржан Сауранбайұлы Жарылқасынов	«ҚазГерМұнай» ЖШС – II орын
Қазидулла Тоқтапұлы Оразов	«Қаражанбасмұнай» АҚ – III орын
Рахат Жарылғасұлы Иманов	«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – III орын

СКВАЖИНАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ БРИГАДАСЫ

Жәнібек Бишенқұлұлы Наурызбаев	«Өзенмұнайгаз» АҚ – I орын
Есенғали Жетесінұлы Көшенов	
Алпамыс Қонысбайұлы Қызметов	
Аңсар Сәлімғалиұлы Таңатов	



**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»ҰК» АҚ көлеміндегі
«ҮЗДІК МАМАН–2017» байқауының
қазылар алқасы құрамындағы
өзенмұнайгаздықтар**

ҚОСАЙ ІЗТҰРҒАНҰЛЫ ДОСАНОВ
(Мұнай-газ өндіру операторы)

ЕРКІН АЙМҰРАТҰЛЫ ӨТЕПОВ
(Қабат қысымын сақтау операторы)

ДАМИР АЛИБЕКҰЛЫ ШЫРАҚБАЕВ
(Скважинаны зерттеу операторы)

ФАЗЫЛ СЫРЫМҰЛЫ СЫРЫМОВ
(Жерасты жабдықтарын жөндеу бригадасы)

АМАН АБДУЛЛИНҰЛЫ КҮЗЕМБАЕВ
Автокөлік жүргізушісі

БӘЙІШ АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ МЕЙІРОВ
Цементтеу агрегатының моторист-машинисі

АЛИБЕК САУЫТБАЙҰЛЫ ШЫРАҚБАЕВ
(Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу слесары)

САМАТ СҮНДЕТҰЛЫ САРЫЕВ
(Электрогазбендәнекерлеуші)

АРЫСТАНҒАЛИ ЖУМАБЕКҰЛЫ ІНДІБАЕВ
(Химиялық талдау зертханашысы)

ПАРАХАТ ЖАПАРБАЕВ
(Электржабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электржөндеушісі)

СЫРЛЫБАЙ ЕСЕНҰЛЫ МҰХАНОВ
(Темір жонушы)



ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ БРИГАДАСЫНЫҢ жігіттері жаразды

Сайыс болғасын кім-кімге де оңай емес. Әсіресе командалық сын қиынырақ, - дейді қатысушылар. Алайда ӨМГ-дан барған Жерасты жөндеу бригадасы бірінші орынды қанжығаларына байлап келді. Бұлар да бұрғылау жұмыстары басқармасының мамандары.

Есенғали Көшенев – бригада операторы. Бұл бригада болып қатысқан алғашқы байқаулары емес. Олар цехаралық, басқармааралық сындарда талай рет жеңіп шықты. Байқаудың тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туғызғанын айтады. «Жүкті жұмыла көтердік. Қаражанбас компаниясының технологиясымен жұмыс жасау өзгешелеу болды, дегенмен оқыған маман болғасын, соны уақытылы игеріп кетуге жұмыстандық. Әрі солай болды да! Сенім артқан мекемемізге басымызды көтеріп келуге тырыстық», - дейді ол.

Алмас Қонысбайұлы – бригада құрамындағы мамандығы бойынша өтілі ең көп қызметкер. Машинстің ауыр жүгін арқалап жүр. Ол «Бригада мүшелері өздеріне тиесілі жұмысты мүлтіксіз атқаруға тырысты. Ісімізден де, тісімізден де артық ештеңе шығармай бірлесіп, барлық тапсырмаларды орындадық», - дейді.

Байқауға 3 жерасты жөндеу бригадасы қатысқан. Теория



бойынша аға оператор Жәнібек Наурызбаев тест тапсырмаларын орындап, 100 ұпай алған. Білім биігіне шыққан маман солайша тобына келесі бөлімге жолдама алып берген.

Ал тәжірибелік сында бригадаға он тұрба көтеріп, жіберу жүктелген. 30 минуттан аса уақытта бұл тапсырманы да тиянақты орындаған. Аңсар Таңатовтың тиянақтылығы мен біліктілігі де сында талайды таңдандырған.

Бірлесіп бірінші орынды әкеліп, «Өзенмұнайгаз» АҚ мамандарының үздік екенін көрсеткен бригада мүшелеріне Бұрғылау жұмыстары басқармасы өндірістік-техникалық бөлімінің басшысы Д.Қызылғұлов мекеме және өз атынан зор алғысын білдіреді. Кәсіпорын мақтаныштарының қызметтеріне сәттілік пен толағай табыстар тілейді.

МӨҚЖТКЖБ темір жонушысы Ерхан Сүгіров «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес мекемелері арасында өткен «Үздік маман» байқауының 3 мәрте жеңімпазы. 2014, 2015, 2017 жылдары маманмен тең келер ешкім болмады.

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУДІҢ құпиясы неде?

Үш жыл қатарынан байқауда жеңіп шықтыңыз. Құпиясы неде? деген сұрағымызда болмысынан бос сөзге жоқ Ерхан Баянбайұлы: «Білім керек, тәжірибе керек», - дейді. Бала күнінен еңбектің қазанында қайнап, істің ебін білген Ерханға темір жонушы мамандығын игеру қиын болған жоқ. Машина жасау және металл өңдеу, металл кесуші құрылғылар маманы деген жоғары білімі бар. Теория керек, ал тәжірибе жүзінде білу – одан да маңызды екенін айтады.

25 жыл темір жонушы болған Ерхан

бұл қызметке қатысты: Темір жонушы математикаға мықты болуы керек. Есептемесең, еткенің еш. Химия мен материалтануды білмесең, апатты жағдайға апарар құрылғы дайындап бересің. Физиканы меңгермеген болсаң, металдың қасиетінен хабарсызсың. Қауіпсіздік ережелерін сақтамайтын болсаң, цехқа кірмей-ақ қой, - дейді.

Сайыста темір жонушыларға қойылатын сан талап - сапа, шапшандық, тазалықты ол мүлтіксіз орындаған. Ерханның жонған темірлері құдды темір емес, айна дерсің! Сапасына да талайлар сын айта алмаған.

Жалақы үшін жұмыс жасайтындардан жақсы маман шықпайтынын айтады ол. Адалдық пен ізденімпаздық – барлық салада адамды алға сүйрейтін жақсы қасиеттер, - дейді. «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дейтін Ерхан өзі қызмет ететін МӨҚЖТКЖБ-ның жұмыс барысында жас мамандарына көмектеседі, білгенін үйретеді.

Барлық қозғалысы темірге «тірелген» мұнай-газ өндірісінде темір жонушының рөлі зор. Ал кәсібін толық игерген Ерхан сынды үздік мамандар мекемеге керек-ақ!



БІЛІМДІ МАМАН КОМПАНИЯ БОЛАШАҒЫН ҚАЛАЙДЫ

Қаражанбас кенорнында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырумен өткен «Үздік маман – 2017» кәсіби шеберлік байқауының үздігі атанған Амангелді Ермұханов «Өзенмұнайгаз» АҚ №3 МГӨБ скважиналарды зерттеу операторы болып 2010 жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді. Ол мамандығының қырсырын әбден меңгеруіне септескен тәлімгері Орынбасар Қонысовқа риясыз алғысын білдірді. Амангелдінің әкесі Келдібай Ермұханов та осы басқармада 40 жылдан бері оператор болып еңбек етіп келеді екен.

Жұмысына өте ұқыпты, басшылардың айтқанын бұлжытпай орындайтын, жылдар бойы тәжірибесі шындалған маман жұмыстан бос уақытында арғы бабасынан ауысып келе жатқан атбегілікпен айналысады. Оның желмен жарысқан жүйрік сәйгүлігі 2001 жылы Таушық елдімекенінің 60 және 2003 жылы Шетпенің 75 жылдығына орай ұйымдастырылған бәйгеде бас жүлдеге ие болғандығын мақтанышпен айтып өтті.

Маманның қарым-қабылеті мен білімі сынға түсетін байқауда I орынға ие болған Амангелді «Өзенмұнайгаз» сияқты алып компанияда жұмыс жасаудың өзінің қуаныш екендігін айтады. «Байқау әрбір маманның білімі мен біліктілігін барынша арттыруға зор ықпалын тигізеді. Білімі мен біліктілігі жоғары маман ғана қоғамға үлес қосып, компанияның болашағын қалайды» – дейді ол.



ТЫНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның ұйымдастырумен Қаражанбас кенорнында мұнай-газ өндіру компаниялары жұмысшы мамандықтарының арасында «Үздік маман – 2017» кәсіби-шеберлік байқауында «Өзенмұнайгаз» АҚ Бұрғылау жұмыстары басқармасы ЦА-320 арнайы техникасының машинисі Қонарбай Досбергенов пен аталмыш техника моторисі Бауыржан Әлібаев I орынды қанжығасына байлап, компания абыройын асқақтатып қайтты.

Үздіктер жұмыс жасайтын №2 автотізбектің аға шебері Бәйіш Мейіров жігіттердің өз істеріне өте жауапкершілікпен қарайтынын айтады.

«Кез келген жұмысқа салғырт қарау абырой әкелмейді. Сол сияқты адам табысқа жету үшін де құлшына үйреніп, тынбай еңбек етуі керек», – дейді ол. «Үздік маман – 2017» кәсіби шеберлік байқауынан өздерін қаланың кіреберісінен күтіп алған БЖБ басшылығы мен еңбек ұжымына риза болған олар «басқарма басшылығының әр қызметкерді бағалауға, әр адамды жете құрметтеуге қол жеткізуді қуанарлық жай» – деді.



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕСІН...





Өз кәсібiнiң шеберi

Байқауда «Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай дайындау және өндiрiстiк қызмет көрсету басқармасының 5-дәрежелi зертханашысы Гүлжан Избасова әрiптестерiнен оқ бойы озып, I орынды иелендi.

Мамандардың бiлiктiлiгi мен бiлiмiн шыңдау мақсатында жыл сайын өткiзiлiп тұратын байқауға алғаш рет қатысып, жүлдегер атанған Гүлжан Избасованың қуанышында шек жоқ. «Мен зертханашы болып 15 жылдан берi жұмыс жасап келемін. Жұмысым өзіме ұнайды. Аталмыш байқаудан жүлделi орын алып жүрген әрiптестерiме қызыға қарайтын едiм. Осы жолы өзiм қатысып, өзiмнiң кәсiбiмдi қаншалықты жақсы меңгергенiмдi байқағым келдi. Бiр жағынан жолдасым Мейрамбек Избасовтың сөзi де түрткi болды. Байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Байқауға қатысып, жүлдегер атанғанымға өте қуаныштымын. «Өзенмұнайгаз» АҚ компаниясының абыройын асқақтатып, мәртебесiн өсiргенiме бойымды мақтаныш сезiмi биледi. Шарада көптеген сала мамандарымен танысып, пiкiр алмастық. Байқауда қай жағынан да өстiк. Сый-құрметке адам



еңбегi арқылы ғана қол жеткiзетiнiн түсiндiм», – дейдi ол. Өзiнiң жақсы маман болып қалыптасуына зор үлес қосқан тәлiмгерлерi, тәжiрибелi мамандар Арыстанғали Индiбаев пен Сәтбiбi Қарабашеваға алғыс бiлдiрудi де ұмытпады.

«Әр адам өзiнiң қабiлет-қарымына қарай өмiрден өз орнын табуы тиiс» – деп есептейдi үздiк маман. Расында да, Абай атамыз айтқандай «дүниеге кетiгiн тауып қаланғанға» не жетсiн!



Жанат Адына – №2 МГӨБ қызметкерi. Мұнай-газ өндiру операторына жүктелген мiндеттер де жетерлiк. Ол күнiне өзiне тиесiлi оннан аса ұңғының жағдайын саралайды. Қолына құрал-саймандарын алып, қыр асып бара жатады, ойға құлап келе жатады. Бiрде жағымды жаңалықпен жүзi жадырап келсе, бiрде жөндеушiлердi iздеп жүредi.



Жанат «ЖАНЫП» тұр

«Әрiптестерiмiздiң, басшыларымыздың зор сенiмiн арқалап барып қазылардың алдында сынға түсу оп-оңай емес екен. Күнделiктi жасап жүрген жұмысымыз болса да өзгеше сезiмде боласың. Алайда жiгер мен намыс қамшылап, теория мен тәжiрибеде қырағы болуды, жаңылуға жол бермеуге өзiмдi тәрбиеледiм. Мен алған асудың соңы бұл болмайды. Бұйырса, алда да жетiстiктi, жеңiстi күндерiммен «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның абыройын асқақтатам деп ойлаймын»

Мамандығы бойынша мұнай-газ өндiру операторы Жанаттың арман мақсаттары көп. Өндiрiстi өрге сүйрей жүрiп, елге-халыққа қызмет етсем,- дейдi. Бiлiмiн көтерiп, биiктердi бағындыруды жалғастыра бермек. Отызда орда бұзбасам да, кәсiбiмнiң шеберi болып жатырмын, – дейдi ол.



Аймұраттың асуы

Ұңғыдағы ақаулықтарды дәнекерлеу – Айтмұрат Үсеновтың жұмысы. Жоғары дәрежелі электрогазбендәнекерлеуші №1 МГӨБ қызметкері. Жұмысы тынымсыз. Шақырту түседі де тұрады. Дәнекерлеу – жауапкершілігі аса жоғары кәсіп. Қазір де дәнекерлеу агрегатымен үздік маман аттанып бара жатыр. Асығыс, аяғын адымдап басып бара жатқан Аймұраттан пікір сұрағанымызда былай деді:



«Біздің жұмыстың қиындығы да бар, қызығы да бар. Қаншама уақыттан бері атқарып келе жатқан электрогазбен дәнекерлеу кәсібінді жақсы көремін. Мамандығымның қыр-сырын теориядан емес, тәжірибеден үйрендім. «Көре-көре көсем болдым» деген осы шығар. Нәтижеме өздеріңіз куәсіздер.

Ол байқауға жұмыстастарының үміт-сенімін арқалап аттанды. Қанша жылдық тәжірибе оны жолда қалдырмады. Ал теориялық сынға 2015, 2016 жылдары өткен «Үздік маман» байқауларының жеңімпазы Кенжебай Қарақаев көмек көрсетті. Зор азаматтықпен бағыт-бағдар берген әріптесіне Аймұрат зор ризашылығын білдіреді >>



МЕРЕКЕ – мекеме мақтанышы

Мереке Майлыбайұлының да биылғы байқауда мерейі өсті. Он жылдан аса мұнай-газ саласында абыройлы қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі маман байқауға қатысып, өзін сынап көрді.

Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу слесарі №4 МГӨБ-те жұмыс жасайды. Тербелмелі станоктағы әр ақауды лезде қалыпқа келтіретін ол шеберлігін көптің алдында көрсетті. Білім, білік, тәжірибе болғанымен мамандарда толқу да болды. Жеңімпаз болуға деген құлшыныс, өз мекемелерінің намысын қолдан бермеу, әріптестерінің сенімін ақтау – әр қатысушының жүрек түкпіріндегі ешкімге айта алмаған сыры болса керек.

Мерекенің жұмыс орнына барғанымызда жылы жүзді жігіт жарқылдап қарсы алды. Ашық, тілтабысқыш маман тілшілерді де өзіндей көріп, сұхбат берді. Қолындағы қыруар құрал-сайманға қарап тұрып маман былай деді:

«Мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын жөндеу слесарының қолынан мынадай қажетті құрал-саймандары түспейді. Онсыз болмайтынын білесіздер. Әр жұмыс күніміз осылай өтеді. Өндіріс алаңында қызу жұмыс істеп жүрген мамандарды елеусіз қалдырмай, олардың білімін, дәрежесін сынға салып, байқау өткізу, анықтау – өте қуантарлық жай. Маманға серпіліс береді. Ынталандырады. Биылғы сынға қатысып, жүлдегер болғанымға марқайып қалдым. Әсіресе жанұямның қуанышында шек жоқ. Оларға мақтаныш, әріптестеріме үлгі бола алғанымға ризамын. Мұндай шараны ұйымдастырып отырған басшылыққа зор алғысымды білдіремін >>

Үміт артар маман

Бұрғылау жұмыстары басқармасынан байқауға 7 адам барды. Бәрі де құр қайтпады. Солардың бірі – Файзулла Тұрахов. Көлік жүргізушілері арасында жүлделі 3-ші орынды иемденді. Арнайы көлікті тізгіндеген маманға жүктелген тапсырмалардың ауқымы кең болған. Табандылық, ұмтылыс, білім мен тәжірибе Файзулланы жүлдегер атандырған.

Осы сынға маманды алып барып, қазылар алқасында болған Аман Күзенбаев қатысушымен бірге толқығанын айтады. Қатысушыларды бағалау барысында еңбек және техника қауіпсіздігін сақтау, тәжірибелік жұмыстардың белгіленген уақытта сапалы орындалуы, сондай-ақ теориялық дайындық деңгейлері қатаң назарға алынған.

Файзулла да өзінің шеберлігін шаршы топта көрсете білген. «Үздік маман – 2017» байқауының жүлдегеріне енді жеңімпаз болуды тілейміз.

